

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасында азаматтардың өзара сапарларының шарттарын реттеу туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1764

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара сапарларының шарттарын реттеу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қырғыз

тарапымен келіссөздер жүргізісін және қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне рұқсат етіле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімді жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының
Үкіметі арасында азаматтардың өзара сапарларының шарттарын
реттеу туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы достық, тату көршілік қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мақсатында,

Тараптар мемлекеттері азаматтарының өзара сапарларының шарттарын тәртіпке келтіруге ұмтылыс білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары осы Келісімде көзделген шарттар негізінде 1 және 2-қосымшаларда санамаланған жарамды құжаттар бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуге, кетуге, транзитпен өтуге және уақытша болуға қ ұ қ ы л ы .

Тараптар мемлекеттері азаматтарының жүріп-тұруы Тараптар мемлекеттерінің шекараларындағы өткізу бекеттері арқылы жүзеге асырылады.

2-бап

Тараптар шетелге кету және үшінші мемлекетке келу үшін жарамды құжаттар бойынша Тараптар мемлекеттерінің азаматтарын халықаралық қатынас үшін ашылған шекаралардағы өткізу бекеттері арқылы үшінші мемлекетке жіберуге міндеттенеді.

Тараптар өздерінің кез келген құзыретті органдары кетуіне шектелу қойған адамдардың Тараптар мемлекеттері аумағынан үшінші мемлекетке кетуіне жол бермеу шараларын қабылдайтын болады.

Тараптар азаматтардың өзара сапарларының тәртібі мен режимі туралы үшінші елдермен қолданыстағы Келісімдер туралы бірін-бірі хабардар ететін болады.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына 5 (бес) тәулікке дейін тіркеусіз (уақытша тіркелім) келеді және болады.

Тараптар мемлекеттерінің азаматтарына екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу кезінде Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары көп мәрте пайдаланылатын көші-қон бақылау карточкаларын береді.

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес 5 тәуліктен артық мерзімге болуды ұзарту ішкі істер органдары арқылы жүзеге асырылады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің

аумағында болған кезінде осы Тарап мемлекетінің заңнамасын, оның ішінде шетелдік азаматтар үшін белгіленген тіркеу (уақытша тіркеу), болу және жүріп-тұру ережелерін сақтауы тиіс.

5-бап

Көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу және мерзімін ұзарту үшін алынатын алымдардың тарифтері Тараптармен дипломатиялық арналар бойынша ноталар алмасу арқылы келісіледі, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

6-бап

Көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу, тіркеу (уақытша тіркеу) рәсімінен:

а) Тараптар мемлекеттерінің дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелері;

б) Тараптар мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлері мен олардың отбасыларының мүшелері;

в) Тараптар мемлекеттерінің ресми мемлекеттік және үкіметтік делегацияларының мүшелері және олармен бірге жүретін адамдар;

г) жарамды ұлттық паспорттары бойынша және бас декларацияда (ұшу тапсырмасында) жазба болған жағдайда азаматтық авиацияның әуе кемелері экипаждарының мүшелері;

д) жарамды ұлттық паспорттары және әрбір рейске бекітілетін атаулы тізімдер, бағдарлық парақтар бойынша жолаушылар, пойыздар, рефрижераторлар мен локомотив бригадаларының қызметшілері мен Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша темір жол көлігімен өткізілетін жүктерді алып жүретін адамдар;

е) іссапар куәліктері (ұйғарымдары) бар болған жағдайда жарамды ұлттық паспорттары (жеке куәліктері) және қызметтік куәліктері бойынша мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері;

ж) үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің куәлігі бойынша

үкіметаралық фельдъегерлік байланыс қызметкерлері;

з) ұлттық паспорттары және қызметтік куәліктері негізінде Тараптардың екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан мемлекеттік объектілерінің

қызмет көрсетуші жеке құрамы босатылады. Мұндай объектілердің тізбесі дипломатиялық арналар бойынша айқындалатын болады.

7-бап

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзиттік өтуі кезінде осы Тарап мемлекетінің аумағына көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеусіз жол жүруге жарамды құжат бойынша келеді және кетеді.

8-бап

Тараптар өзара кепілдік негізінде көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу және мерзімін ұзарту үшін мынадай адамдарды, яғни:

а) Тараптар арасындағы шарттарға сәйкес ғылым, техника, білім, мәдениет, өнер және спорт саласында алмасу тәртібімен жүретіндерді;

б) Тараптар мемлекеттерінің аумағындағы оқу орындарында оқитындарды;

в) Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, оларға теңестірілген адамдарды, тиісті куәліктерін көрсетуі бойынша 1 және 2-топтағы мүгедектерді, сондай-ақ 60 жастан а с қ а н а з а м а т т а р д ы ;

г) 16 жасқа дейінгі балаларды алымдар алудан босататын болады.

9-бап

Бішкек қаласында, Шу және Талас облыстарында тұрақты тұратын Қырғыз Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Жамбыл облысының аумағына көші-қон карточкаларын ресімдеусіз келеді, кетеді және онда бола алады.

Қазақстан Республикасының Жамбыл облысында тұрақты тұратын азаматтары Қырғыз Республикасының Бішкек қаласы, Шу және Талас облыстарының аумағына көші-қон карточкаларын ресімдеусіз келеді, кетеді және онда бола алады.

Осы бапта көрсетілген азаматтардың тұратын мекен жайы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық паспорттарына (жеке куәліктеріне) қойылатын тиісті жазбалар негізінде ай қ ы н д а л а д ы .

10-бап

Тараптардың шешімі бойынша ерекше жағдайларда (эпидемиялар, эпизоотиялар, табиғи апаттар) Тараптар адамдарды, көлік құралдарын, тауарларды, жүктерді, өзге де мүлікті және малдарды шекара арқылы өткізуді уақытша тоқтата алады.

Бұл ретте осындай шараларды қабылдаушы Тарап алдын ала, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей, екінші Тарапты осындай шаралардың қабылданғаны және олардың күшін жойғаны туралы хабардар етеді.

11-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің күшін уақытша, егер бұл мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау немесе халықтың денсаулығын қорғау үшін қажет болса, толық немесе ішінара тоқтатуға құқығы бар.

Тараптар мұндай шараларды қабылдау немесе бұзу туралы алдын ала, бірақ шешім қабылданған сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірмей, біріне-бірі дипломатиялық арналар бойынша хабарлайды.

12-бап

Тараптар мемлекеттері жаңа құжаттарды қолданысқа енгізген жағдайда, Тараптар олардың қолданысқа енгізілуіне дейін кем дегенде 1 (бір) ай бұрын дипломатиялық арналар бойынша осы құжаттардың үлгілерімен алмасады.

Тараптар мемлекеттерінің Сыртқы істер министрліктері шетел азаматтарының келуінің, кетуінің, болуының тәртібіне қатысты ұлттық заңнамалар туралы ақпараттар және осы саладағы басқа да ақпараттар алмасатын болады.

13-бап

Тараптар, қажеттілігіне қарай, осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелерді талқылау үшін консультациялар өткізетін болады.

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану барысында даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

14-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

15-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірінің екінші Тараптан оның күшін тоқтату

ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2001 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Қырғыз Республикасының Үкіметі
арасында азаматтардың өзара
сапарларының шарттарын реттеу
туралы келісімге
1-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының
Қырғыз Республикасының аумағы бойынша
келуіне, кетуіне және жүріп-тұруына арналған құжаттардың
т і з б е с і

1. Қазақстан Республикасының дипломаттық паспорты.
2. Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты.
3. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
4. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі.
5. Қазақстан Республикасы әуе кемесінің экипажы мүшесінің куәлігі
(экипаж құрамында жүруі уақытында).
6. Қазақстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (тек
Қазақстан Республикасына қайта оралу үшін)
7. Үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің куәлігі.
8. Белгіленген үлгідегі темір жол қызметкерінің куәлігі
(р е й с т і ң у а қ ы т ы н д а)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Қырғыз Республикасының Үкіметі
арасында азаматтардың өзара
сапарларының шарттарын реттеу

туралы келісімге

2-қосымша

Қырғыз Республикасы азаматтарының

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша
келуіне, кетуіне және жүріп-тұруына арналған құжаттардың
тізбесі

1. Қырғыз Республикасының дипломаттық паспорты.
2. Қырғыз Республикасының қызметтік паспорты.
3. Қырғыз Республикасы азаматының (ұлттық) паспорты.
4. Қырғыз Республикасының азаматтығына қатыстылығы туралы белгісі бар 1974 жылғы паспорттың үлгісі.
5. Қырғыз Республикасы әуе кемесінің экипажы мүшесінің куәлігі (экипаж құрамында жүруі уақытында).
6. Қырғыз Республикасына қайта оралуға арналған куәлік (тек Қырғыз Республикасына қайта оралу үшін).
7. Үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің куәлігі.
8. Белгіленген үлгідегі темір жол көлігі қызметкерінің куәлігі (рейстің уақытында)

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының азаматтарына
көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу және ұзарту үшін алынатын
алымдардың тарифтері

Көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу - 0,5 АҚШ доллары*

Көші-қон бақылау карточкаларын ұзарту:

1 айға дейін - 5 АҚШ доллары

1 айдан 6 айға дейін - 10 АҚШ доллары

6 айдан 12 айға дейін - 20 АҚШ доллары

* - көші-қон бақылау карточкаларын ресімдеу және ұзарту үшін алымдарды төлеу Тарап мемлекеттерінің Ұлттық банктері төлейтін күні белгілеген баға бойынша ұлттық валютада жүргізіледі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.